

**Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және
еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық
ұшжақты комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.

2025 жылғы 28 сәуір

Төрағалық етті: Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Е.Б. Көшербаев

Қатысушылар: РҮК мүшелері және шақырылған адамдар
(тізім бойынша)

**1. Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету
шаралары туралы**

(Көшербаев, Жақыпова, Төленбергенов)

1. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі С.Қ. Жақыпованың, Төтенше жағдайлар вице-министрі С.Т. Төленбергеновтың ақпараты назарға алынсын.

2. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

1) **2025 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде** Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейту жөніндегі заң жобасын енгізісін, атап айтқанда:

- мемлекеттік еңбек инспекторларына жұмыскерлердің өмірі мен деунсаулығына қауіп төндіретін объектілердегі немесе учаскелердегі жұмыстарды тоқтата тұру құқығын беру бойынша;

- ақпараттық жүйелердің деректері негізінде келусіз профилактикалық бақылаудың жаңа форматын енгізу бойынша;

- жұмыс берушілерді алдын ала ескертусіз тексерулер жүргізу бойынша және т.б.

2) **2025 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде мүдделі мемлекеттік органдармен және әлеуметтік әріптестермен (келісу бойынша) бірлесіп** өңірлер кәсіпорындарын «Vizion Zero» Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығының бағдарламасына (нөлдік жарақаттану) қосу жөніндегі жұмысты жүргізісін.

3) **2025 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде** мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, еңбек жөніндегі мемлекеттік инспекция өкілдерінің жұмыс берушілермен және қызметкерлермен және олардың өкілдерімен ақпараттық-түсіндіру профилактикалық жұмысы

үшін практикалық кейстер әзірлей отырып, өндірістік жарақаттануға себеп-салдарлық талдау жүргізсін;

4) **2025 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде «PARYZ» Қазақстан Республикасы Ұлттық жұмыс берушілерінің конфедерациясымен** бірлесіп әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеуде мемлекеттік органдардың, жұмыс берушілердің, кәсіподақтар мен жұмысшылардың бірлескен өзара іс-қимылы мәселелері бойынша өңірлерде әлеуметтік алаңдар ашу жөніндегі мәселені пысықтасын.

3. Төтенше жағдайлар министрлігі 2025 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы бақылауды және қадағалауды күшейту жөніндегі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді қайта қарастырсын;

2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы авариялық-құтқару қызметтеріне қойылатын талаптарды күшейтсін.

4. Жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері (келісу бойынша) және республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша):

1) **2025 жылғы 1 қыркүйекке дейін** жергілікті жерлерде еңбекті қорғау жөніндегі мамандарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырсын;

2) **2025 жылғы 1 шілдеге дейін** жұмыс берушілермен еңбекті қорғауды басқару және өндірістегі қауіпсіздік мәдениетін арттыру жөніндегі цифрлық шешімдерді енгізуге бағытталған түсіндіру кездесулерін өткізуді ұйымдастырсын.

2. Жұмысшы кадрлардың тапшылығы және Жұмысшы мамандықтар жылы шеңберінде шараларды іске асыру туралы

(Көшербаев, Сарбасов, Мұханбетов, Жанықұлов, Өтешев, Ауғанов)

1. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ президенті А.Ә. Сарбасовтың, Оқу-ағарту министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім беру департаментінің директоры Ә.Ф.Мұханбетовтың, «PARYZ» Қазақстан Республикасы Ұлттық жұмыс берушілерінің конфедерациясы Президентінің төрағасы

Ж.Е. Жанықұловтың, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясы төрағасының орынбасары Н.С.Өтешовтың, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры Ғ.Қ. Ауғановтың ақпараты назарға алынсын.

2. Оқу-ағарту министрлігі облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктерімен, «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп (келісу бойынша):

- кадрларды даярлауда, сондай-ақ педагогтердің тағылымдамаларын, студенттерді дуальды оқытуды ұйымдастыруда бизнесті тарту бойынша жұмысты жандандырсын;
- мектеп оқушылары арасында жұмысшы мамандықтарының тартымдылығын кәсіби бағдарлау және насихаттау бойынша жұмысты күшейтсін.

3. Сыртқы істер министрлігі, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері құрылатын жұмыс орындарының мерзімдері мен сапасын сақтауды қамтамасыз ете отырып, инвестициялық жобалардың іске асырылуына мониторинг пен бақылауды күшейтсін және атқарылған жұмыс туралы есепті **2025 жылғы 1 қарашаға дейінгі мерзімде ұсынсын.**

4. Жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері (келісу бойынша) және республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша):

- 1) **2025 жылғы 1 тамызға дейін** еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға бірлескен бағдарламаларды одан әрі іске асыра отырып, шетелдік колледждермен халықаралық әріптестікті дамыту арқылы ТЖКБ интернационалдандыру жөніндегі ұсыныстарды ұсынсын;
- 2) **2025 жылғы 1 қыркүйекке дейін** салалар мен өңірлер бөлінісінде жұмыс кәсіптері бойынша тапшылықты төмендету бойынша іске асырылатын шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар берсін.

3. Әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісімдер жасасу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы

(Көшербаев, Жақыпова, Жанықұлов)

1. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі С.Қ. Жақыпованың, «PARYZ» Қазақстан Республикасы Ұлттық жұмыс берушілерінің конфедерациясы Презиндумының төрағасы Ж.Е. Жанықұловтың ақпараты назарға алынсын.

2. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі орталық мемлекеттік органдармен және әлеуметтік әріптестермен бірлесіп (келісу бойынша) 2025 жылғы 1 тамызға дейінгі мерзімде салалық деңгейде әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру үшін салалар тізбесін өзектендірсін.

3. Жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктеріне (келісу бойынша) және республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша):

1) **2025 жылғы 1 тамызға дейін** еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға қазіргі заманғы тәсілдерді, жұмыстардың күрделілік деңгейін және біліктілік деңгейін ескере отырып, еңбекке ақы төлеу жүйесінің негізгі қағидаттары бойынша, оның ішінде ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмысшыларға салалық келісімдерге енгізу үшін еңбек жағдайларын зияндылық және қауіптілік дәрежесі бойынша жіктейтін салалық коэффициенттерді айқындауға арналған ғылыми зерттеулердің, ғылыми негізделген әдістеменің нәтижелерін ескере отырып, қосымша ақы белгілеудің бірыңғай тәртібіне қатысты жаңа ережелерді енгізу жөнінде ұсыныстар берілсін;

2) **жыл ішінде** жұмыс берушілердің салалық бірлестіктерін және (немесе) салалық ұйымдарды әлеуметтік әріптестікке тарта отырып және жобаны талқылау кезеңінде салалық келісімнің мазмұнын хабардар етуді қамтамасыз ете отырып, түсіндіру кездесулерін өткізуді ұйымдастырсын. Бұл ретте саладағы әлеуметтік әріптестік міндеттерін шешу, оның ішінде әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, барлық деңгейдегі әлеуметтік әріптестік тараптары арасындағы консультациялар мен келіссөздер процесіне жәрдемдесу жөнінде ұсыныстар әзірлеу бойынша әлеуметтік әріптестердің бірлескен жұмысында салалық келісім жобасын дайындау және/немесе өзектендіру кезінде баса назар аудару қажет.

4. Орталық мемлекеттік органдар әлеуметтік әріптестермен бірлесіп (келісу бойынша) 2025 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде салалық келісімдердің мазмұнына саладағы ең төменгі тарифтік ставкаларды, разрядаралық коэффициенттердің ең төменгі мәндерін, зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмысшыларға қосымша ақы белгілеудің бірыңғай тәртібін белгілеу жөніндегі ережелерді енгізуді қамтамасыз етсін.




5. Осы хаттаманың орындалуын бақылау Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін.

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары**

Е. Көшербаев

Подпись канцелярии
12.05.2025 15:04 СЕРИКБАЕВА НУРСУЛУ
Подпись руководителя
10.05.2025 12:02 КОШЕРБАЕВ ЕРМЕК



Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№ Д-1486//16-04/Б-700 от 12.05.2025 г.
Организация/отправитель	АППАРАТ ПРАВИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	МИНИСТЕРСТВО ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Электронные цифровые подписи документа	 Государственное учреждение "Аппарат Правительства Республики Казахстан" Подпись руководителя: КОШЕРБАЕВ ЕРМЕК MIRgwYJ...ExB689aw= Время подписи: 10.05.2025 12:02
	 Государственное учреждение "Канцелярия Премьер-Министра Республики Казахстан" Подпись канцелярии: СЕРИКБАЕВА НУРСУЛУ MIR6QYJ...qVvkindS= Время подписи: 12.05.2025 15:04
	 ЭЦП канцелярии: Ерназарова Римма1 без ЭЦП Время подписи: 12.05.2025 15:15



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.